



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz» ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Конференция

«Жалағаш жаршысы» – жаңа белесте



Сонау 1934 жылдан бері жарық көріп келе жатқан басылымның бүгінде 90 жылдық тарихы бар. Газет сол уақыттан бері оқырмандарын ауданның тыныс-тіршілігінен, руханияты мен қоғам тынысынан хабардар етіп келеді. Аталған басылымның 90 жылдық мерейтойына орай бейсенбіде Қонысбек Қазантаев атындағы мәдениет үйінде танымдық конференция өтті.

Өзіндік ерелі тарихы бар, бағыт-бағдары айқын, тамыры тереңнен бастау алатын басылымның алғаш 1934 жылы 10 қаңтарда «Колхозшы» деген атпен бірінші нөмірі жарыққа шықты. Мұнан кейін газет «Күршілдер» деген атаумен 1958 жылдың тамызына дейін жарық көрді, сол жылдан бастап аудандық газетке «Коммунизм үшін» деген жаңа ат берілген. Осы атпен 1962 жылы 6 мамырға дейін шығып, арада бір жыл үзілістен кейін Жосалы кентінен «Коммунизм шамшырағы» деген атпен оқырманмен қайта қауышқан. 1965 жылы қаңтарда Жалағаш ауданының қайта құрылуына байланысты сол жылдың тамызы айынан бастап «Жаңадария» деген атаумен шыға бастаған. Кейін уақыт талабына сай 1993 жылдың 1 сәуірінен бастап «Жалағаш жаршысы» деген атаумен оқырманға жол тартқан. Газеттің алғашқы нөміріне Сахи Жарылқасынов қол қойып, бес жыл редактор болса, әр жылдары Жарылқасын Дүйсенов, Смайл Ақжігітов, Сұлтан Қожаниязов, Шілдебай Оналбаев, Жүсіп Алтыбаев, Әдіс Ахетов, Сұлтан Жүсіпов, Төлеш Ахметов, Мырқия Исаев, Мұрат Нұржанов, Айтбай Қойшыбаев, Әділхан Аманов, Қален Әбдешов, Зордан Салықбаев, Асқар Кіребаев, Мырзамұрат Илиясов, Тұрсынбай Ташенов, Кенжеғара Сүлейменов, Мәлік Аяпов, Серік Бертаев, Қарлығаш Әбдірахманов, Ғазиза Әбілді, Нағымжан Сауяев, Әзиз Батырбеков басшылық етті. Ал 2020 жылдан бастап аудандық газеттің бас редакторы қызметін Кенжетай Қайрақбаев абыроймен атқарып келеді. Газеттің 90 жылдық тарихында өңір жылнамасы мен тарихи сәттердің шежіресі жатыр. Осы уақыт аралығында бұл газет елдің көкейіндегісін айтып, еңбеккерлердің ерен еңбегін жариялаған басылым бола білді. Конференцияда аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов пен сала ардагерлері газеттің өткені мен бүгінін саралап, тұщымды ойларымен бөлісті. – Ғасырға жуық тарихы бар, ауданның айнасы іспеттес «Жалағаш жаршысы» газеті талай белестен өтіп, көп асуларды бағындырды. Тарихы сонау 1934 жылдан бастау алатын ба-

сылымда еңбек еткен журналистер әр кезеңде ауданның әлеуметтік-экономикалық жағдайын, халық көкейіндегі түйінді мәселелерін көтеріп, мұң-мұқтажын да қаламына арқау етті. Сондай-ақ баспахананда газет беттеп, әріп терген қызметкерлердің еңбегі ерен еді. Аудандық газетте әр жылдары қызмет атқарған Темірше Сарыбаев, Айжарық Сәдібеков, Тынышбек Дайрабаев, Имамзада Шахаров, Сағындық Баймаханов, Тұрсынбай Тәшенов, Мырзамұрат Илиясов, Мәлік Аяпов, Жақсыбай Сарбалаев, Қалқаман Нұрғалиев, Ашухан Бекарыстанов, Баймахан Уызбаев, Ізбасар Мұстафаев, Бексейіт Шайланов, Жұмабек Әбжамилов, Ахмет Тілеулиев, Құндызбек Нұрханов, Табысбек Ахметов сынды қарымды қаламгерлер өзіндік қолтаңбасын қалдырды. Ал өмірін газетке арнаған журналистер Мұрат Нұржанов, Ертай Айғалиев, Бейбітбек Бүркітбаев, Бақтыбай Бердібаев, Еркін Әбілов, Құлтал Достанов, Миуа Байназарова, Бибайша Алпысбаева, Бибігүл Ысқақова, Динара Мәліквалдардың аудандық газетте айқын қолтаңбасы қалды. Бүгінде газеттің электронды нұсқасы әзірленіп, әлемнің қай түкпірінен оқимын деген адам болса да мүмкіндік бар. Газет сайтына жергілікті жаңалықтармен қатар әлемде болған оқиғалардың ақпараттары беріліп отыр, – деді Ғани Кенжеғараұлы.

Сондай-ақ конференцияда ішкі істер саласының ардагері, полковник, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, облыстық мәслихаттың депутаты Әмірбек Шаймағамбетов, «Сыр Медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры Марат Аралбаев, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, қарымды қаламгер, Жалағаш ауданының құрметті азаматы, ақын Бейбітбек Бүркітбайұлы, кент ардагерлері кеңесінің төрағасы, «Ерен еңбепі үшін» медалінің иегері Құлмахан Қожатай мен Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Жалағаш ауданының құрметті азаматы Рысбай Кәрімов және газеттің байырғы редакторы, ақын ардагер журналист, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, «Жалағаш жаршысы» газетінің 90 жылдық мерей-



тойына арналған «Жалағаштың сырлы шежіресі» атты кітаптың авторы Серік Бертаев аудан жұртын газеттің мерейтойымен құттықтап, басылым тарихына кеңінен тоқталды.

– Биыл Жалағаш ауданының құрылғанына – 85 жыл ал аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің жарық көріп келе жатқанына 90 жыл толып отыр. «Жалағаш жаршысы» газеті – аудан жұрты сүйсіне оқитын, тамыры тереңнен бастау алатын беделді басылымдардың бірі. Бүгінгі мерейтой – бүкіл аудан жұртының ортақ қуанышы, ортақ мерекесі. Сондықтан баршаңызды мерейлі мерекелеріңізбен құттықтаймын, – деді облыстық мәслихат депутаты Әмірбек Шаймағамбетов.

Айта кетейік, конференцияда Әмірбек Бердібекулы «Жалағаш жаршысы» газетінің бас редакторы Кенжетай Қайрақбаев пен газет ұжымына Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы М.Тлеумбетовтың құттықтауын табыстап, өз қаражаты есебінен тұрмысы төмен 20 отбасын 1 жылға «Жалағаш жаршысы» газетіне жазып беретінін жеткізді.

Тарихы терең басылымның қалыптасуына алдыңғы аға буын өкілдері, қарымды қаламгерлер үлкен үлес қосты. Әрине, олардың еселі еңбектері ел жадында мәңгі жаңғырмақ. Өздеріңіз білетіндей, «Жалағаш жаршысы» газетінің киелі қара шаңырағында талай ақын мен қарымды қаламгерлер еңбек еткен. Бүгінде аудандық басылымда ұзақ жылдар бойы еңбек етіп, құрметті демалысқа шықса да, шығармашылығын шыңдап, саладан қол үзбеген журналистің бірі – Серік Бертаев.

Ол еңбек жылдары газеттің сапалы өрі мазмұнды шығуына үлес қоса отырып, оқырманға тұщымды мақалаларын жариялап, ел арасындағы жақсылықты сүйіштілеп, мұң-мұқтажын қаламына арқау етті. Ғасырға жуық тарихы бар ауданның айнасы іспетті төл басылымның тарихында өзіндік қолтаңбасын қалдырды.

– «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек» дейді ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы. Иә, тоқсан жылдық тарихы бар «Жалағаш жаршысы» газеті бұқараның үніне, ауданның тарихы мен шежіресіне айналды. Бұған дәлел газеттің сарғайған парақтары. Газеттің тоқсан жылдық тарихында елімізде қанша қоғамдық саяси-тарихи оқиғалар, өзгерістер мен жаңалықтар болып жатыр. Аудандық газет солардың барлығына еділ бағасын беріп, халықпен бірге болды. Ел экономикасын көтеру жұмыстары жүріп жатқанда аудандық газет те халық арасында үгіт-насихат жұмыстарына белсене атсалысты. Әсі-

ресе ауданның ауыл шаруашылығы саласына басым бағыт беріп, өңірлік деңгейдегі шаралар да басылым назарынан тыс қалмады. Әлемнің түкпір-түкпірінде болып жатқан жаңалықтар жайлы жазылған ТАСС-тың хабарлары газеттің әр санында беріліп тұрды, – деді ардагер журналист Серік Бертаев.

Тәуелсіздік жылдары аудандық басылым үлкен белестерден өтті. Бұқаралық ақпарат құралы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының, бүкіл тыныс-тіршілігінің шынайы жанаушы, жалынды жаршысы болып келеді. «Сыр Медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қосылғалы бері аудандық газеттің тыныс-тіршілігіне жаңаша серпін қалыптасты. Танымдық конференцияға қатысқан «Сыр медиа» ЖШС директоры Марат Аралбаев та аудан жұртын 90 жылдық мерейтоймен құттықтап, басылымның бүгінгі тынысын тарқатты.

– Биылғы жыл сіздердің аудандарыңыз үшін өте табысты жыл болды. Өздеріңіз білетіндей, биыл Жалағаш ауданына 85 жыл ал аудандағы жалғыз төл басылым «Жалағаш жаршысы» газетіне 90 жыл Сондай-ақ биыл аудандар арасында Жалағаш «Үздік аудан» деп танылды. Баршаңызды бүгінгі мерейтойларыңызбен құттықтаймын! Жер-жаһанға ақжолтай ақпарат таратуға ерен еңбек етіп жүрген бүгінгі жас қаламгерлер алдыңғы буын салып көткен сара жолды жалғап, басылымның екінші тынысын ашты. Сондай-ақ оқырмандарыңа дер кезінде жаңалықпен құлақтандыруда қажырлы еңбек етіп жүрген таратушыларға да алғысым шексіз. Олар шілденің шілінгір ыстығы мен қақаған қыстың аязына, тіпті жаңбырлы күнге де қарамай қызмет етіп келеді, – делі Марат Аралбаев.

Айта кетейік, конференцияда «Жалағаш жаршысы» газетінің 90 жылдық мерейтойына орай облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың газет ұжымына құттықтау хаты табысталды. Сондай-ақ ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуын ақпараттандыруға үлес қосып жүрген бірқатар журналистер мен сала ардагерлері және газет таратушыларға облыс әкімінің бірінші орынбасарының алғыс хаты, «Қызылорда облысының Құрметті ардагері» медалі, Республикалық салалық кәсіподақтың «Еңбек даңқы» төсбелісі, аудан әкімінің құттықтауы, облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының алғыс хаты, Жалағаш ауданының 85 жылдық медалі, «Жалағаш ауданының Құрметті ардагері» медалі, «Сыр медиа» ЖШС бас директорының құттықтауы табысталды.

Ақтоғы ЕРЖАНҚЫЗЫ

Сапар

Құрылыс сапасы бақылауда

Облыс әкімінің тапсырмасымен облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеуіменовтың, облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жаханов және жауапты сала басшылары аудандағы құрылыс нысандарында болды.



Облыстық мәслихат төрағасы бастаған жұмысшы топ Қаракеткен елді мекеніндегі дәрігерлік амбулатория құрылысымен танысты. Құрылыс монтаж жұмыстары маусым айында басталып, жыл соңына дейін аяқтау жоспарланған. Қазіргі уақытта құрылыс жұмыстарының 85 пайызы атқарылған.

Бұдан кейін жұмысшы топ аудан орталығында салынып жатқан тұрғын үйлердің құрылысымен және «Руханият» орталығы құрылысымен танысты. Бүгінде 90 тұрғын үй сатып алынды. 10 тұрғын үй сатып алуға құжаттарын дайындауда. 20 үйдің құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Биылғы «Руханият жылында» Қызылорда облысының өнер және мәдениет саласында жаңа жобаларды жүзеге асыру жоспарланғаны белгілі. Облыстың барлық ауданында тәулік бойы жұмыс істейтін кітапханалар бар «Руханият» орталықтары салынууда. Аудандағы «Руханият» орталығының құрылысы 85 пайызға атқарылған. Бүгінгі таңда 87 адам, 4 техника жұмыс істеуде. Орталықтың ғимараты жыл соңына дейін пайдалануға беріледі.

Айта кетейік, облыс әкімі құрылыстың сапасына баса мән беріп, жұмысты уақытылы аяқтауды үнемі тапсырып келеді. Қиындық орын алса, мердігер мекемелер есебінен қалпына келтірілетінін ескертті.

Түсіндірме жұмыстары жүргізілді

«Руханият» орталығында «Қазсушар» ШЖК РМК «Сыр суы» филиалының суды магистральдық құбыр жолдары, таратушы желілер арқылы беру және сарқынды суды буру қызметтеріне бекітуге берілген тарифтерінің жобасын талқылау бойынша аудан тұрғындарының қатысуымен жария тыңдау өтті. Оған ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің облыс бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімі басшысы Самал Ахметова, филиал директорының орынбасары Ержан Әмиша қатысты.

Жиында сала мамандары «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы №90 бұйрығымен бекітілген тарифтерді қалыптастыру қағидаларына сәйкес, Филиал суды магистральдық құбыр жолдары және таратушы желілер арқылы беру қызметтеріне тарифтерді және тарифтік сметаларды бекітуге өтінім жолданғандығы айтылды. Филиалмен ұсынылған жобалық орташа босату тарифтері 1 текше метрге суды магистральдық құбыр жолдары және таратушы желілер арқылы беру қызметіне 2809,90 теңгені, суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне 3281,56 теңгені, сарқынды суды буру қызметіне 364,72 теңгені құрайды.

Қазіргі таңда департаментпен қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес, филиалдың тарифтері және тарифтік сметаларын бекітуге ұсынған құжаттары қаралуда. Сондай-ақ жекелеген баптар бойынша түзетулер жүргізілуде.

Жиында кент тұрғындары бірқатар сұрақ қойып, соған сәйкес түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Айтылған сын-ескертпелер, ұсыныс-пікірлер ескеріліп, түпкілікті шешім қабылданатыны айтылды.

«ЖЖ» ақпарат

Мәжіліс



Сала жұмысы сараланды

Аудан әкімінің орынбасары Арнұр Нұрмағанбетовтің төрағалығымен мәжіліс өтті. Күн тәртібінде алдымен ауданда білім сапасын арттыру мақсатындағы жұмыстар қаралды.

Қазіргі таңда Жалағаш ауданының білім саласында нәтижелі жұмыстар атқарылуда. Аудан бойынша барлық мектеп 100 пайыз турникет, бейнебақылау камералары және интернетпен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар Бұқарбай батыр ауылындағы №33 орта мектепке күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бұл мақсатқа «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 428,9 млн теңге қаржы бөлінді. Сондай-ақ Таң ауылындағы №118 орта мектеп аумағын абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Оған облыс тайқазанынан 78 млн теңге қаралған. Айта кетейік, «Ауылдық аймақтардағы тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы аясында Жалағаш кентінде орналасқан №201 мектеп-лицейге «Қазақстан халқына» қоры есебінен 250 млн теңге бөлініп, материалдық-техникалық базасын жаңарту мәніне педагогтарды оқыту жұмыстары

жүргізілген. Мектептердің материалдық-техникалық базасын жаңартыруға биыл модернизация жаңғырту жұмыстарына 4 мектеп өңгізіліп, бұл мақсатқа 983 млн теңге қаралып, тиісті заттар алынған. Аудан бойынша білім деңгейі жоғары болу үшін қолдауын шын сезініп келеді. Бұл сөзімізді олардың бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыру мақсатында атқарып жатқан нәтижелі жұмысы қуаттайды. Жыл сайын түлектер ҰБТ-дан жоғары балл жинап, ЖОО-ларда қалаған мамандықтарын мемлекеттік грантпен игеруге мүмкіндік алып келеді. Ауданның бас ұстазы Талғат Садықов бұл нәтижеге тоқмәйлісіміз нәтижелі жұмыс жалғасын табатынын айтады.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Белес

Елімізде азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етуге қызмет жасаушы жергілікті өкілді орган – мәслихаттардың құрылғанына быыл 30 жыл толып отыр. Барлық деңгейдегі мәслихаттар осы уақыт аралығында қоғамдағы іргелі мәселелерді шешуде үлкен жұмыстар атқарды. Бұл жұмыстардың атқарылуына халық пен билік арасындағы «алтын көпір» халық қалаулыларының үлесі зор. Осы орайда өткен күндерге бір сәт көз жүгіртсек. Қазақстан Республикасы егемен ел болып жарияланған уақыттан бастап жергілікті басқару органдарын қайта құру мәселесі туындап, 1993 жылы 10 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» Заң қабылданды. Осы заңның талабына сәйкес жергілікті халықтың өкілді органы мәслихат депутаттар жиналысы болып белгіленді. Елімізде мәслихат депутаттарының бірінші сайлауы 1994 жылдың наурыз айында өтіп, аудандық мәслихаттың алғашқы шақырылымына ауданның белсенді де беделді азаматтары депутат болып сайланды. Сол алғашқы жылдарда қоғамда болған кейбір уақытша қиыншылықтарға қарамай, күрмеуі қиын мәселелерді шешу жолында ел мен жердің игілігін арттыруға зор ынтамен белсенді қызмет атқарған депутаттардың еңбегін ерекше бағалаймыз.



Елмен бірге еңсерген 30 жыл



Аймағымыздың өркендеп, оның экономикасының нығаюына, тұрғындардың әлеуметтік жағдайының өсіп дамуына сайланған әр депутаттың өзіндік қолтаңбасы бар. Аудандық мәслихаттың қалыптасып, жұмыс істеуіне өз үлесін қосқан алғашқы шақырылымнан бастап сайланған өздері өмірден өтсе де, өнегелі ісі мол артында ұмытылмас із қалдырған Социалистік Еңбек Ері Еспанов Ұзақ, Сүлейменов Кенжеғара, Бектасов Ақназар, Орқашбаев Ағыман, Төшенұлы Тұрсынбай, Сарбалаулы Жақсыбай, Жұмалиева Кенші, Құрманбаев Ердаулет, Ильясов Мырзамұрат, Шегенов Сұлтанмурат, Әсеров Жайшылық, Аяғанов Серік, Тәттібаев Құрманғали, Әмитов Бердан, Мәлікова Анар, Есбергелі Әуезхан сияқты ағаларымыз бен апаларымыздың жарқын бейнелері мәңгілік есте сақталады.

Бұл орайда мәслихаттың ағымдағы барлық жұмыстарын орындайтын мәслихат хатшысының атқаратын рөлі зор. Ең алғаш құрылған мәслихаттың тізгінін ұстап, бірінші, екінші шақырылымының мәслихат хатшысы қызметін атқарған Мәлікова Анар, үшінші, төртінші, бесінші шақырылымдарының мәслихат хатшысы лауазымын белсенділікпен атқарған Сүлейменов Кенжеғара, алтыншы шақырылымының мәслихат хатшысы Еспанов Мейрамбек Ұзақұлы және жетінші шақырылымының мәслихат хатшысы болған Құрманбаева Гүлзат Ердаулетқызы сынды азаматтар мен азаматшалар өз қызметтерімен қоса депутаттық мандаттарын да абыроймен атқарды. Айта кету керек, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы наурыздағы «Жаңа Қазақстан – жаңару мен жаңғырту жолы» атты Жолдауында азаматтардың өкілді билікке деген сенімін нығайту үшін мәслихаттарға баса мән беру қажеттігін атап өткен болатын. Яғни мықты мәслихаттар қалыптастыра отырып, жергілікті аймақтардағы тұрмыс сапасын жақсартуға және өзекті мәселелердің шешімін табуға әсер етуге болатынын айтты. Сонымен қатар мәслихаттың рөлін арттырып, дербестігін қамтамасыз ету үшін 2023 жылдың қаңтарынан бастап «Мәслихат төрағасы» лауазымы да енгізілген болатын. Конституциялық реформалар шеңберінде халық қалаулылары болып табылатын мәслихат депутаттарының өкілеттігі жылдар сайын нығайтылып, мемлекеттік биліктің жалпы жүйесінде мәслихаттардың орны мен рөлі жаңаша айқындалып, мәслихат құзыреті де арттырылуда. Мәслихаттар жергілікті міндеттерді шешу үшін құрылған жергілікті халық сайлаған орган ретінде жергілікті өзін-өзі басқарудың негізі деп айтуға болады. Сөйтіп заңнамаларға енгізілген өзгерістерге сәйкес аудандық мәслихатқа аудан өкімінің жыл сайынғы есеп беруі тұрақты қалыптасты. Аудан өкімі қызметіне тағайындауға келісім беру, ҚР Парламенті Сенатының депутаттарын сайлау, сайлау комиссияларын қалыптастыру, саяси партиялар бойынша мәслихаттағы депутаттық

тобын құру жөніндегі қатынастарды реттеу, жергілікті әлеуметтік, экономикалық даму мәселелерін шешуге сайлаушылардың қатысын кеңейтуге байланысты бірқатар өкілеттіліктер беріліп, демократиялық үрдістер жетіліп келеді. Қазіргі уақытта жергілікті өкілді органдардың сегізінші шақырылымында 11 депутат жемісті қызмет атқаруда. Сайланған депутаттар арасында инженерлер, шаруа қожалық төрағалары, кәсіпкерлер, журналист, заңгер, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет салаларының қызметкерлері бар. Аудандық мәслихат аудандық өкілдікпен бірлесе отырып, халық мүдделерін шешумен айналысып келеді. Аудан бюджетінің кіріс және шығыс бөлігінің артуы аудан экономикасының өсіп-өркендеуіне тікелей әсер етуде. Басты мәселелердің бірі мәслихат депутаттарының ел мүддесіне қатысты көкейтесті маңызды мәселелерге дер кезінде уақытылы мән беруінде. Жергілікті өкілді билік органы ретінде Жалағаш аудандық мәслихатының заңдылықпен айқындалған құзыреттерінің өн бастысы – ауданды дамыту жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті, бюджеттік бағдарламаларды және олардың атқарылуы туралы есептерді бекіту болғандықтан, ол мәселелер жүйелі түрде қаралып, олардың орындалуы үнемі мәслихаттың бақылауында болып келеді.

Аудандық мәслихат жұмысы туралы сөз қозғайтын кезеңде де қоғамдық ұйымдармен және үкіметтік емес мекемелермен байланысын айтпай кетуге болмайды. Өйткені сайлаушылар талап-тілектерін жүзеге асыру үшін мәншік түріне қарамастан барлық ұжымдармен, кәсіпорындармен, мекемелермен бірлесіп жұмыс жасау қажет. Сондай-ақ аудандық мәслихат депутаттары аудан өкілдігінің жанында құрылған өртүрлі қоғамдық комиссиялар құрамына еніп, белсенділік танытуда.

«Депутат» болу, ол тек халық қалаулысы деген атақ қана емес, бұл – елге деген шексіз мейірім, білім мен тәжірибе, іскерлік қабілетпен келетін абырой. Мәслихат депутаттары өз сайлаушыларымен үнемі кездесулер өткізіп, атқарған жұмыстары жөнінде есеп беріп, ел алдында тұрған міндеттерді шешуге өздерінің үлесін қосып келеді. Біздің күнделікті өмірімізде жетістіктермен қатар толық шешімі табылмай жатқан проблемалар да аз емес. Біз оны жақсы білеміз. Сондықтан әлеуметтік қорғау, халықтың денсаулығын жақсарту, ауыл шаруашылығы мен кәсіпкерлікті дамыту, жұмыссыздықты азайту мәселелері депутаттардың үнемі басты назарында болып келеді.

Сонымен қатар депутаттардың көпшілікпен, яғни сайлаушылармен жұмысының нәтижелі болуы мәслихат аппаратының қызметімен тығыз байланысты. Депутаттарға өздерінің өкілеттігін жүзеге асыруға көмек көрсететін аппарат қызметкерлерінің басым көпшілігі мемлекеттік қызметте мол тәжірибесі бар іскер азаматтар. Сондықтан болар, аудандық мәслихат аппараты облыс деңгейінде алдығы қатарда нәтижелі жұмыс атқаруда.

Шын мәнінде, тарих үшін 30 жыл қысқа мерзім болғанымен, аталған салада көзіміз атқарған және қазір де ел игілігі үшін еңбек етушілер үшін аз мерзім емес екендігі анық. Біз тынымсыз тірлігіміздің, мызғымас бірлігіміздің арқасында көптеген жетістікке қол жеткіздік. Халық қалаулыларының алда тұрған міндеттері мен атқару аумқын жұмыстары қыруар екені сөзсіз. Біз үшін Мемлекет басшысы саясатының басты басымдылығы – ел мүддесі, халық игілігі. Осы жасампаз саясатты жүзеге асыру үшін жұмылып, табанды қызмет ету, сөйтіп халықтың ойынан шығу – біздің басты парызымыз. Ендеше бірлігіміз бекем, тірлігіміз тұзу болып, тәуелсіз еліміздің абыройы асқақтай берсін!

Өмірзақ ЕЛЕУСІНОВ,
Жалағаш аудандық мәслихатының төрағасы

Брифинг



18 іс қаралды

Апта басында аудандық соттың мәжіліс залында Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 305-бабы, 2-бөлігі, 8-тармақшасына сәйкес сот азаматтық хал актілерін жазу органдары қайтыс болуды тіркеуден бас тартқан жағдайда, адамның белгілі бір уақытта белгілі бір мән-жайда қайтыс болуы туралы фактісін анықтау туралы брифинг өтті. Оған аудандық полиция бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Мақсат Баймағанбетов пен ауылдық округтердің әкімдері, денсаулық сақтау саласының қызметкерлері және БАҚ өкілдері қатысты.

Брифингте аудандық сот төрағасы Асылхан Мизанбаев быыл 9 айда статистикалық дерек бойынша Қызылорда облысында барлығы 224 азаматтық іс қаралып, оның 215-і бойынша арызды қанағаттандыру туралы шешім шығарылғанын жеткізді. Сондай-ақ 2 іс соттылығы бойынша жолданып, 7 арыз қараусыз қалдырылған.

– Республика бойынша 618 арызды қанағаттандыру туралы шешім қабылданды. Оның 215-і Қызылорда облысына тиесілі. Осы көрсеткіш бойынша біздің облыс І орында. Ал жүктемесі біздің облыстан 3 есе көп Астана қаласы мен 6 есе көп Алматы қаласының соттарында осы санат бойынша 1 ғана шешімнен қабылданған. Мұнан бөлек жүктемесі біздің облыспен қарайлас Ақтөбеде 7 шешім, Қостанайда 2 шешім, Маңғыстауда 30 шешім, Павлодарда 3 шешім қабылданған. Сондай-ақ қаралған істердің саны біздің облыстан 8289 іске көп Түркістан облысының өзінде 200 шешім, яғни бізден 15 шешімге аз қабылданған. Ал біздің ауданда жыл басынан бері 18 шешім қабылданған. Бұл дегеніміз 18 адам қайтыс болып, жақындары қайтыс болғандығы жөнінде куәлік ала алмай, сотқа жүгінгенін білдіреді. Елді әбігерге салмаудың бір амалы түсіндірме жұмыстары екенін жақсы білесіздер. Сондықтан осындай мәселе туындамасы үшін түсіндірме жұмыстарын күшейту керек. Сонда ғана бұл мәселе төңірегіне бірқатар сауалдың түйіні тарқатылады деп ойлаймын, – деді аудандық сот төрағасы А.Мизанбаев.

Ал аудандық аурухана бас дәрігерінің орынбасары Индира Нағашыбайқызының айтуынша, қайтыс болған адам науқастанып, дәрігердің бақылауында болып, оның көмегіне жүгінген болса ғана дәрігер қайтыс болғандығы жөнінде куәлік бере алады.

– Жақында біздің ауданда бір адам үйінде қайтыс болған. Неден қайтыс болғанын әдетте білмейді. Ол кісінің туысқандары бізге келіп қайтыс болғандығы жөнінде куәлік берудімізді талап етті. Алайда бұл мұндай жағдайда қарауымызда болмаған адамға ешқандай қайтыс болғандығы жөнінде куәлік бере алмаймыз. Себебі біз ұйқыдан тұрмай қалған немесе қандайда бір белгісіз себеппен қайтыс болған адамға куәлік бере алмаймыз. Ал бізде қандайда бір сырқат түрімен есепте тұрып қайтыс болғандарға куәлік беріп жатырмыз, – дейді ол.

Брифинг барысында Асылхан Мизанбаев ауылдық округ әкімдеріне өздері басшылық ететін елді мекендегі тұрғындардың жай-күйін жақсы білетінін, қандайда бір оқиға немесе қайғылы жағдай орын алған кезде бірінші болып сол шаңыраққа өздерімен бірге ауылдағы уәскелік полиция мен дәрігерді ертіп барып, марқұмның қайтыс болғаны жөнінде куәлікті уақыт созырмай алу бағытында түсіндірме жұмыстарын жүргізуді тапсырды. Қазақ «өмір бар жерде өлім бар» деп текке айтпаған.

Қазір басқа облыстарға қарағанда біздің Қызылордада марқұмның жақындары қайтыс болғандығы жөнінде куәлікті ала алмай саңдалып жүргендер көп екенін көріп жүрміз. Сондай жас отбасылардың бірі – жақында күйеуі қайтыс болған әйел, күйеуінің қайтыс болғандығы жөнінде куәлікті ала алмай, балаларына берілетін жәрдемақыдан айырылған. Осында жағдай болмас үшін ешқандай сырқат түрімен дәрігер бақылауында тұрмаған үйде белгісіз себептен жақындарыңыз қаза тапқан жағдайда ең алдымен дәрігер мен полиция қызметкерлерін шақырып, олардың көмегіне жүгінген жөн.

Сот төрағасының айтуынша, Қармақшы аудандық сотының бастамасымен осы санаттағы істерді азайту, халықты әуре-сарсаңға салмау мақсатында бірнеше кездесу өтіп, бірқатар мәселе көтерілген. Атап айтсақ, аудан тұрғындары өз-өзіне қол жұмсау, суға кету секілді қаза болу себебі белгісіз жағдайларда марқұмның денесін сот-медициналық сараптамаға бермейді. Осы ретте ауыл және кент ардагерлері, полиция инспекторларымен бірлесіп түсіндірме жұмыстарын жүргізеді. Ол брифинг соңында Қармақшы мен Жалағаш ауданында сот-медициналық сараптаманы жүргізетін сарапшы маман болмауына байланысты көршілес екі ауданға бір сарапшы болу мақсатында Әділет Департаментіне сұраныс жіберілгенін айтты.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Сессия

Кент, ауылдық округтер бюджеті нақтыланды

Апта басында аудандық мәслихаттың кезектен тыс 27 сессиясы өтті. Халық қалаулылары мен аудан өкімінің міндетін атқарушы А.Нұрмағанбетов, ауылдық округ әкімдері және бөлім басшылары қатысқан жиында «2024-2026 жылдарға арналған Жалағаш кентінің және ауылдық округтердің бюджеттері туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2023 жылғы 25 желтоқсандағы шешімдеріне өзгерістер енгізу, «Жалағаш ауданы өкілдігінің дербес құрамына келісім беру туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2024 жылғы 14 ақпандағы №14-5 шешіміне өзгерістер енгізу мәселесі қаралды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселеге байланысты аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Нұрсұлу Маратқызы хабарлама жасады. Кент, ауылдық округтердің өз кірістері жылдың 10 айында 104,9 пайызға, яғни 10,9 млн теңгеге артығыммен орындалған. Ауылдық округтердің 2024 жылға жылдық түсімдер болжамына талдау жүргізіліп, нәтижесінде кент, ауылдық округтер бойынша кірістер болжамы 5,1 млн теңгеге ұлғайтылып, сәйкесінше аппараттың ағымдағы шығындарына еңбекке төлемдеріне, іс-сапар шығындарына, көше жарықтарының төлемдеріне бағытталады.

Дербес бюджеттің бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінен үнемделген 16,8 млн теңге қысқартылып, сәйкесінше бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің ағымдағы шығындарына, оның ішінде, мерекелік шараларға билбордтар, қызметтік автокөлікке қосалқы бөлшектер алу, көше жарықтарының төлемдеріне қайта бағытталады.

Бұдан бөлек аудандық бюджеттен 11,3 млн теңге трансферттер бөлінген, олар кент әкімі аппаратына, Еңбек ауылдық округіне көшелерді жөндеуді бастауға, Аққыр ауылдық округіне спорттық жаттығу алаңы құрылысына жер актілерін әзірлеуге, Таң ауылдық округіне мәдениет үйіне сахна пердесін,



орындықтар алуға бағытталады. Сессияда депутаттар кент әкімі аппараты және кейбір ауылдық округ әкімдері және кейбір ауылдық округ әкімдері бірқатар сауалына жауап алды.

Екінші мәселе бойынша аудан өкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық жұмыстар бөлімінің басшысы Қ.Жап-басбаев Жалағаш ауданы өкілдігінің дербес құрамына аудан өкімі аппаратының басшысы Ж.Дүйсекевті енгізіп, аталған дербес құрамнан Е.Қайнарбаевты шығаруды ұсынды. Күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша шешім жобалары бекітілді.

Сессия жұмысына қатысқан аудан өкімінің міндетін атқарушы А.Нұрма-

ғанбетов кент және ауылдық округтердің бюджеттеріне қатысты жүргізілген ауқымды жұмыстарды айтып, алдағы жылы бірнеше ауылда жол көше, инфрақұрылым мәселелері бойынша тіксті жұмыстар жүргізілетінін, осы бағытта демеушілер көмегімен жоба-сметалық құжаттамаларының әзірленіп жатқанын жеткізді.

Сессия отырысын мәслихат төрағасы Ө.Елеусінов қорытындылап, быыл ауданда үлкен жұмыстар атқарылып, 2 елді мекенге табиғи газ қосылғанын, құрылыс жұмыстарының қарқын алғанын айтып, алдағы жұмыстарға сәттілік тіледі.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Тұлға Қарымды қаламгер, қажырлы қайраткер

Аудандық басылымда талай жақсы-жайсаң қызмет етті. Аузы дуалы, арқалы ақын-жазушылардың, қара сөздің қадіріне жеткен қарымды қаламгерлердің қолтаңбасы қалды. Сондай жақсылардың бірі, аудандық басылымның 90 жылдық тарихының 35 жылында өзіндік орны бар, қарымды қаламгер Тұрсынбай Ташенов ағамыздың есімін ерекше құрметпен атап өтер едік. Ойлап қарасақ, бар ғұмырының жартысына жуық жылдарын осы қарашаңырақта қызмет етумен өткерген ағамыздың аудандық басылым тарихындағы өлшеусіз еңбегін сонау сарғайған газеттер айғақтай түседі.



Биыл аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің жарыққа шыққанына 90 жыл. Осынау гасырға таяу уақыт аралығында төл басылым өзіндік мазмұнымен таспаланып, тарихта қалды. Аудандық газеттің іргетасы 1934 жылы қаланған. Архив деректері айғақтағандай, «Колхозшы» деп аталатын ұнарақ күйінде жарық көрген басылымның бастапқы нөмірлеріне редактор Сахи Жарылқасынов қол қойған болса, содан бері аудандық газетке 25-тей редактор басшылық етіпті.

Заман өзгеріп, қоғам ауысқан сайын аудандық газеттің де бағыт-бағдары жаңарып, саяси идеологиялық тұрғыдағы жаңашыл бастамалармен, тың деректермен толығып отырды. Әр кезеңдегі редакторлар аудандық басылымды тек ақпарат құралы ғана емес, аудан өмірінің сол кезеңдегі тұтас көлбетін айқындайтын бірегей беделді органға, билік пен бұқараның ортасындағы алтын көпірге айналдыра білді.

Иә, Тұрсынбай Ташенов халам ұстауға жас күнінен қабілетті еді. Мектеп қабырғасында жүргенде әдебиет үйірмесіне белсене араласып, тіпті арасында ауыл ішіндегі айтулы жаңалықтарды аудандық газетке жолдайтын. Сондай бір жазбасы жарық көрген 1954 жылдан бастап «Жаңадария» газетімен арасы жақындай түсті. Бұл кезде 7-8 кластың оқушысы болса да, жазбалары ойлы, салмақты көрінетін. Ал 1957 жылы мектеп бітіріп, өзі қатарлы жалынды жастармен бірге арманға қанат қағар сөтте алып-ұшқан көңілін ашығын жөңдіріп, отбасының ыңғайына қарайлады. Өйткені ол уақытта ел іші соғыстың салған зардабынан өлі бой көтере алмай тұрған кез еді. Тұрсынбай ағамыздың әкесі де соғыстан жаралы болып қайтып, Женістен кейін көп ұзамай өмірден өткен. Осыдан кейін оның ең әуелі отбасының жайына қарайлау орынды еді.

Ол енді білек сыбанып, ауылдағы еңбек майданына араласты. Еңбектің үлкен-кішісі жоқ, ең бастысы еліңе пайдаң тисін деген емес пе? Сондықтан өзіне қандай жұмыс тапсырылса да, жауапкершілікпен қарап, мүлтіксіз орындауға тырысатын. Күзгі егін жинау кезінде қырманда таразышы, сауын фермасында есепші болып еңбек етті. Көп ұзамай әскер қатарына шақырылып, Отан алдындағы азаматтық борышын абыроймен өтеп қайтты.

Туған ауылына келіп, тіршілікке қайта араласты. Сол жылдары колхоз төрағасы – ел ішінде есімі ерекшелу аталатын, майдангер Мөрәлі Шәмөнов болатын. Жас жігіттің қарым-қабілетін тани білген колхоз басшысы Тұрсынбай Ташеновті ауыл клубына, кітапханаға меңгеруші етіп қойды. Ол кезеңде

мәдени ошақтар тұрғындардың саяси сауатын ашып, елдегі жаңалықтардан хабардар етіп, мәдени таңымын кеңейтуге, сол сияқты, жастардың шығармашылығын насихаттауға қызмет етті. Бұл жұмыс жас жігіттің еркін ой-қиялымен ұштасып, қабілет қарымын аша түскендей.

Ол заманда Коммунистік партияның ықпалы зор, оның алғашқы сатысы – комсомол жастар ұйымының жұмысы да өте ауқымды еді. Осы ұйымға жетекшілік жасай жүріп, арнайы білім алуға бекінген ол Қызылорда қаласындағы педагогикалық институтқа сырттай оқуға түсті.

1965 жыл Осыған дейін оңтайландыру саясатына ұшырап, Қармақшыға қосылған Жалағаш ауданы қайта бөлініп, өз алдына аудан орталығы болып құрылды. Әр ауданның өзіне тән тіршілігі, ауыл шаруашылығы саласы бойынша іргелі құрылымдары, нысанаға алған бағыт-бағдары бар. Әлбетте, оның ішінде қоғам көлбетін қалыптастыратын саяси идеологиялық бағыт – білім мен мәдениет, әлеумет пен руханият саласының орны бір бөлек.

Ауданның қоғамдық-саяси өмірінде әлеуетті жүкті көтере білген аудандық басылым 1965 жылдың тамы айының алғашқы күндерінде «Жаңадария» атауымен қайта шыққан еді. Осы жылы газетке әдеби қызметкер болып қабылданған Тұрсынбай Мүсіркепұлы жылдар өте газет жанындағы радио хабарын ұйымдастырушысы, баспа-хана директоры, жауапты хатшы, редактордың орынбасары, газет редакторы қызметтерін атқарды.

Сексенінші жылдардың басында ол кісі баспахана директоры болған еді. Осы уақытта мекеменің қаржылық жағдайы едәуір көтеріліп, ондағы жұмысшы-қызметкерлердің де хал-ахуалы жақсара түсті. Баспахана ұжымы бесжылдық қорытындысымен жарыс жеңімпазы атанып, Құрмет тақтасынан орын алды. Сонымен қатар, қатардағы еңбек адамдары да облыстық, республикалық деңгейдегі жоғары марапаттарға ие болды.

Тұрсынбай ағамыздың бірге оқыған жолдас-жорасы өте белсенді араласатын. Тіпті өздері туралы «57-ін түлектері» деген кітап та шығарған. Арада қанша жылдар өтсе де қатарластарының арасын үзбей, олардың қиын да, қызықты өмір жолдарын бір арнада тоғыстырып, тұрақты қарым-қатынаста болуына да көп еңбек етті. Ағамыздың бала күнінен бері досы, қызметте жүрген кезінде де үзеңгісіз, сыйлас, пікірлес жолдасы Садық Әлиев ағамыз өз естелігінде Тұрсынбай Ташеновтің аудандық газетке сіңірген еңбегін ерекше бағалайды.

«Иә, Тұрсекең газет төңірегінде қызмет ете жүріп, ауданның 35 жылдық тарихын жазып кетті. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де өзінің екінші үйі болып кеткен аудандық газет ұжымынан қол үзген жоқ. Ауыр науқасқа душар болған шағында да қолынан қаламын тастаған жоқ. «Сыр бойы», «Сыр ардагері», «Жалағаш жаршысы» газеттеріне мақала, очерктер, ой толғауларын тұрақты жазып тұрды. Ұзақ жылдар жинақтаған материалдары мен зерттеулерінің негізінде аудандық газеттің 75 жылдығына орай «Жалағаштың жаршысы» атты еңбегін кітап етіп бастырды. Бұдан басқа «Майдангер ағаларым», «Біз елу жетінің түлектеріміз» атты очерктер жинақтары жарыққа шықты. Сондай-ақ өзге авторлардың ауданның тарихи тұлғалары жайлы жазған бірнеше кітабына редакторлық етті. Өмірінің соңғы сәттерінде «Сырда өскен шынар» атты кітабын дайындап кетті, – деп жазды С.Әлиев.

Шындығында, Тұрсынбай Мүсіркепұлының аудандық газетте қызмет еткен кезеңі өмірінің ең бір мәнді де мағыналы, шығармашылығының саулемлі сәттері еді. Толассыз жұмыс, тынымсыз ізденіс, әсіресе, қызметтік іс-сапарларда журналистік жиып-терген дәрілесті мол еді. Шалай ауылдардағы шопан, жылқышы, егінші, сушы сияқты қарапайым еңбек адамдары қаламынан қалыс қалмайтын. Сондай-ақ, арқалы ақын, қазыналы қаламгер, мерейі үстем мұғалім, білікті дәрігер сынды ер сала мамандарының да адами болмысың, адал еңбегін аса шеберлікпен көркем суреттеп жеткізетін.

Қаламгердің 2005 жылы Астана қаласы, «Сарыарқа» баспасынан шыққан «Майдангер ағаларым» атты кітабында екінші дүниежүзілік соғысқа қатысып, Отан қорғау жолында жанқиярлықпен күрескен жалағаштық майдангерлер жайлы жазған дүниелері жинақталған. Кітаптағы «Жеңіске деген жігермен», «Барлаушының еңгімелері», «Жауынгер жолы», «Ол кезде он тоғызда еді» деп келетін деректі де дәйекті еңгімелері оқырманын демде баурап алады. Ал 2007 жылы шыққан «Біз елу жетінің түлектеріміз» атты кітабында балалық шағы соғыс жылдарында өтіп, ерте есейген, бұғанасы қатпай еңбекке араласқан, сөйте жүріп, орта білім алған замандастары туралы сыр шертеді. Маңыздылығы сол бұл кітапқа «елу жетінің түлектерін» оқытқан З.Ижанов, С.Өтегенов, Ж.Жылқышев, Б.Нәбиева, А.Мырзаліев, С.Сүлейменова, Б.Жүндүбаева, Т.Байныязов сынды есімін ел қадірлейтін ұстаздарының естелігі өнген екен.

Заманның қиын кезі, десек те Тұрсынбай ағамыз кітаптың бір тарауын

арнағандай, сол дәуірдің түлеп ұшқан жастары оқуға, білімге ерекше ынтық болатын. Сондықтан олардың басым бөлігі жоғары білім алып, қоғамның сан саласында абыройлы қызмет атқарды. Қаламгердің «Сырда өскен шынар» атты очерктер мен эсселер жинағы «Ақмешіт» баспа үйінен 2014 жылы, яғни, өзі өмірден өткеннен кейін, сол кездегі аудан басшысы Талғат Дүйсебаевтың қолдауымен жарыққа шықты. Бұл кітап «Жаламен жапа шеккөндер», «Замандастар», «Дәуір перзенттері» деп келетін үш тараудан тұрады. Қай-қайсысын оқысаңыз да аудан тарихынан мол дерек алып, әр дәуір азаматтарының, оның ішінде қоғам қайраткерлері, әр саланың үздіктері, еңбек майдандарының көшкен ғұмыры, қалтқысыз қызметінен хабардар боласыз.

Кітаптың алғысөзінде: «Өткен ғасырдың бүкіл адамзатқа қасірет алып келген алапат жылдарында дүние келген қаламгер сол кездің, сол заманның маңдайына бұйырған небісінен көріп, өз замандастарымен бірге соғыс жылдарындағы және одан кейінгі кезеңдегі қиыншылықтарды басынан кешіп ер жетті. Қоғамға, елге қалтқысыз қызмет етті. Ағамыздың жүріп өткен жолы, өмір баспалдақтары кейінгі ұрпақ тағылым алар ғибратты ғұмыр, үлкен өмір мектебі» деп жазылған екен.

Иә, қоғамға қалтқысыз қызмет еткен қаламгер азаматтың халық алдында қадірі биік болды. Соның айғағы болар, Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары аудандық мәслихаттың I, II, III шақырылымының депутаты болып сайланып, елдің ардақ сеніміне лайық қызмет етті. Аудандық сайлау комиссиясының төрағасы, жергілікті мәслихаттың тексеру комиссиясының төрағасы қызметтерін абыроймен атқарды. Ел халқына өткен адал қызметті лайықты бағаланып, республика, облыс деңгейінде бірнеше мәрте мадақ-марапат иеленді. Жалағаш ауданының Құрметті азаматы атанып, өмірінің соңына дейін облысқа еңбегі сіңген дербес зейнеткер дәрежесінде ғұмыр кешті.

Туған жерінің ауылы бір перзенті, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, қарымды қаламгер, тұлғасы биік Тұрсынбай Ташенов тірі болғанда, 85 жасқа шығар еді. Десек те, қаламгердің артына қалдырған мол қазынасы жылдар өткен сайын құндылығы арта түсетін тарихтың бір тарауы болып қалды!

Ғазиза ӘБІЛДА,
Қазақстан Жазушылар және
Журналистер одағының мүшесі

Құқық



Заңсыз ойын бизнесі құрықталды

Елімізде соңғы уақытта заңсыз құмар ойындарын ұйымдастырып, азаматтардың қалтасын қаққан алаяқтар көбейді. Осы орайда Қызылорда облысы бойынша экономикалық тергеу-тексеру департаменті облыста заңсыз ойын бизнесін ұйымдастырған бес адамды әшкерелеп, соттады. Олар оқырман саны көп әлеуметтік парақшаны сатып алу арқылы заңсыз құмар ойынын өткізген.

Нақтырақ айтсақ, Қызылорда және Ұлытау облысында тұратын бес адам қылмыстық пиғылын биыл қаңтар айында бастаған. Олар «Instagram» әлеуметтік желісіндегі 402 мың оқырманы бар парақшаны сатып алған. Сол арқылы «Карта-Лото» заңсыз құмар ойынын ұйымдастырған. Сондай-ақ «WhatsApp» әлеуметтік желісінде сотталушылар заңсыз құмар ойынын жүйелі түрде жүргізген. Желіде оларды республиканың өзге өңірлеріндегі оқырмандар да бақылап отырған. Азаматтардың қызығушылығын арттыру мақсатында халықты түрлі жарнама арқылы ойынға шақырған.

Салдарынан биыл қаңтар-шілде айлары аралығында олар 69 822 994 теңгеден астам табыс тапқан. Соттың үкімімен сотталушыларға 2 жыл 6 ай мен 3 жыл 6 айға бас бостандығын шектеу жаза-сы тағайындалды.

«ЖЖ» ақпарат

Хабарландыру

«Баукең» шаруа қожалығы шаруашылықтың жиналысы өтетінін барша жер үлескерлеріне хабарлайды.

Күн тәртібінде «Баукең» шаруа қожалығының жылдық есебі қаралады.

Уақыты: 2024 жыл 25 желтоқсан сағат 11.00-де.

Мекен-жайы: Мырзабай ахун ауылдық округі Мәдениет көшесі №51.

БСН: 240364008184

Хабарландыру

«Ибраев Б» фермерлік қожалығы Есет батыр ауылындағы мәдениет үйінде шаруашылықтың жиналысы өтетінін барша жер үлескерлеріне хабарлайды.

Күн тәртібінде «Ибраев Б» фермерлік қожалығының жылдық есебі қаралады.

Уақыты: 2024 жыл 24 желтоқсан сағат 10.00-де.

БСН: 710221301682

Электр энергиясын тұтынушылар назарына!

Электр энергиясына саласындағы ҚР Зандылықтарына енгізілген өзгерістер негізінде («Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жеткізілетін өзгерістерді енгізу туралы» заңымен) және реттеліп қарастырылған қызметтер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы) 2024 жылғы 8 шілдедегі электр тарту тораптары компаниясы АҚ-ға өтеді. Осыған байланысты электр энергиясының тұтынушыларына 31.12.2024 жылға дейін «ҚЭТТК» АҚ-мен энергиямен жабдықтау шартын жасасу қажет. Тұрмыстық тұтынушылар үшін энергиямен жабдықтау шарты жариялы болғандықтан (ҚР Азаматтық Кодексінің 387 бабы) келісім-шарт БАҚ арқылы жарияланады.

Бюджеттік ұйымдар 2024 жылдың соңына дейін «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 39-бабы 3-тармағының 1-тармақшасына сәйкес «ҚЭТТК» АҚ-мен 2025 жылға арналған электр энергиясын сатып алуға тікелей шарт жасасу арқылы «бір кезден алу» тәсілімен мемлекеттік сатып алу шартын жасасуға құқылы екендігін назарға саламыз.

«ҚЭТТК» АҚ және оның аудандық бөлімшелері офисінің мекен-жайы: Жалағаш көпірі Мырзаліев көшесі №22;

«ҚЭТТК» АҚ Жалағаш АЭТ Әкімшілігі
Анықтама телефоны: 8(72431) 31-1-07

Хабарландыру

«Ауыл» Кредиттік серіктестігі» ЖШС құрылтайшыларының кезектен тыс жалпы жиналысын 2024 жылы 24 желтоқсан күні сағат 10.00-де мына мекен-жайда өткізу туралы хабарлайды: Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жалағаш көпірі Т.Қыстаубаев көшесі № 4 үй. («Ауыл» КС ЖШС ғимаратында)

Күн тәртібі:

1.Серіктестіктің 2025 жылғы бюджеті мен штат кестесін бекіту туралы.

2.Қажеттілікке байланысты серіктестік балансына негізгі қорға электр генератор алу туралы.

3. «Ауыл» Кредиттік серіктестігі» ЖШС құрылтайшыларының арыздарына сәйкес ішінара жарғылық капиталын ұлғайту туралы.


4.Серіктестіктің құрылтайшыларының жарғылық салымы ұлғайуына байланысты несіне лимитін бөлу және жылжымайтын жылжымалы мүліктерін, жарғылық салымдағы қаржының 25% пайызын несіне желісі бойынша келіпге қою, соттан тыс сатуға келісім беру туралы.

Сонымен қатар құрылтайшыларға күн тәртібіне қосатын ұсыныс-пікірлеріңіз бар болса, 10 күн ішінде жиналысашыларға дейін серіктестікке ұсынуларыңызды, Құрылтайшылардың жалпы жиналысы өткізу тәртібі ҚР заңдарына сәйкес айқындалатындығын, Құрылтайшылардың жалпы жиналысын өткізу Қазақстан Республикасының Жауапкершілік шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы, «Микроқаржылық қызмет туралы», Кредиттік серіктестіктер туралы Заңына, серіктестік Жарғысын басшылыққа алып өткізілетінін хабарлаймыз, жиналысқа міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

БСН: 01064000062

Сақтансаң, сақтағайды

Пиротехниканы пайдаланғанда қауіпсіздікті сақтаңыз



Жақын арада бәріміз асыға күтетін Жаңа жыл мерекесі де келеді. Бұл әсерлі мерекенің тамаша жаңа жылдық дәстүрлерінің бірі – сиқырлы атмосфера жасайтын фейерверк ұшыру, петарда және басқа да пиротехниканы жарылуы. Салют ұшыру әкелетін позитивті сезімдер мен таңдану әсерінен мұндай алданышты басқа да жағы бар. Ол – адам денсаулығына төнетін қауіп-қатер. Тұрғындардың көпшілігінің өте жақсы көңіл-күйі қауіпсіздік техникасымен үйлескенде қайғылы зардаптарға әкеледі. Сондықтан мұндай жағдайда бірқатар ережелерге аса мән берген дұрыс.

Шындығында, жабық бөлмелерде, пәтерлерде пиротехникалық бұйымдарды қолдану, балкон мен лоджийлерден фейерверк ұшыру қауіпті. Жарамдылық мерзімі өтіп кеткен немесе көзге көрінетін белгілері бар бұйымдарды қолдану да адам өміріне қауіп төндіреді.

Қолдану нұсқаулығында көрсетілмеген кез келген әрекеттерді жасауға болмайды. Сонымен қатар пиротехникалық бұйымдарды тексеру мен өзгертуге де тыйым салынады.

Суланған пиротехникалық бұйымдарды жылу құрылғыларында және ашық от маңайында кептіруге болмайды. Бұйымдарды қолдану ұшыру және олардың жұмысы аяқталғаннан кейін 10 минуттан ерте бұйымдарға жақындау да қауіпті.

Жандыру кезінде фитильді адам беті жанында ұстауға (фитильді созылған қол қашықтығында жандыру қажет), пиротехниканы қатты жел кезінде қолдануға болмайды. Фейерверктерді адамдарға, жануарларға бағыттау, петардаларды аяқ астына лақтыру да қауіпті екенін назарда ұстаңыз.

Жанып тұрған фейерверк үстіне еңкею, жанып тұрған салюттер мен фейерверктерден 15 метр қашықтан жақын орналасу бәрінен қауіпті. Ал істемей қалған пиротехникалық

бұйымдардың фитильдерін тексеруге тырысу сіздің денсаулығыңызға аса зиян екенін ескертеміз.

Істемей қалған пиротехникалық бұйымдарды жағып жіберуге (оларды 2 тәулік мерзімге суға орналастыру қажет, кейін әдеттегі тұрмыстық қоқыс-соқымдармен қайта өңдеу) болмайды. Көбісі фейерверктер мен мерекелік басқа да бұйымдарды ерте бастау тым болмаса Жаңа жылға бір жұма қалғанда сатып алады, яғни оларды үйде сақтайды. Сондықтан ережелерді сақтау өте маңызды.

Бұйымдарды балаларға қол жетімсіз ендік қаптауда, жылы және құрғақ бөлмеде сақтау керек. Сондай-ақ пиротехникалық бұйымдарды бөлшектеуге болмайды. Оларды температурасы 30 градустан асатын немесе жылу құрылғылары жанындағы тым ылғал немесе тым құрғақ бөлмелерде сақтау қауіпті.

Егер сіздің пиротехниканыз тым дымқылданса, ешқандай жағдайда оны жылыту құрылғыларында немесе фен көмегімен кептірмеңіз. Пиротехника қолдануда қауіпсіздік туралы ұмытпаңыз. Бұл ереже-талпаптар бұзылса, адам өміріне қауіп төнуі мүмкін екенін ескертеміз.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Сараптама

Азық-түлік бағасы қалай реттеледі?

Базардағы баға неге құбылып тұр? Көптің көкейіндегі сауыл осы. Оған қоса соңғы уақыттағы доллардың теңгеге шаққандағы бағасының шарықтауы қарапайым халықты алаңдатуда. Яғни сырттан экспортталатын азық-түлік түрлерінің бағасына күмәнмен қарайды. Ал атқарушы билік өкілдері әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бақылауда болатынын айтады. Тарқатайық...

Доллар азық-түлік бағасына әсер ете ме?

Доллардың қымбаттауы азық-түлік бағасына қалай әсер ететінін Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов түсіндірді. Төраға «доллар бағамының өсуі азық-түлік өнімдерінің бағасына әсер етпейді» деп сендірді.

Оның сөзінше, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету деңгейі жоғары. Оның үстіне соңғы жылдары Ауыл шаруашылығы министрлігі мен фермерлер біріге отырып, ішкі ұсынысты арттырған. Сол себепті Тимур Сүлейменов азық-түлік бағасы айтарлықтай өзгереді деп ойламайтынын айтады. Тіпті ол нарықты реттейтіндерін жасырмады, тек интервенциялар арқылы нарықты «тыныштандыруға» әрекет жасайды.



Сондай-ақ Ұлттық банк төрағасы нарықта «ойыншы» ретінде әрекет етіп, Ұлттық қордан трансферттер сататынын алға тартты.

Азық-түлік бағасы 11 пайызға қымбаттаған

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, биыл қарашада тұтыну бағаларының айлық индексі 0,9 пайызды құраған. Азық-түлік тауарларының бағасы 11, ақпалы қызметтер 0,8, азық-түлік емес тауарлар 0,7 пайызға жоғарылаған.

Азық-түлікке нақтырақ тоқталсақ, қияр бағасы 40,3, қызанақ 37,3, тәтті бұрыш 15,5, басты пияз 13,9, сарымсақ 10,1, қырыққабат 8,9, картоп 6,2, апельсин 4,8, лимон 4,1, күнбағыс майы 4 пайызға өсті. Бағаның төмендеуі күршіте 2, қант 1,9, алмада 0,7 пайыз байқалды. Ал 2023 жылғы қарашамен салыстырғанда жылдық мөнде қарақұмық жәрмасы 21,6, сәбіз 10,2, лимон 8,9, қырыққабат 8,5, күнбағыс майы 5,3 пайызға арзанды.

Өңірлер ішінде ең жоғары айлық инфляция Қарағанды облысында 1,5, ең төменгі Алматы қаласында 0,4 пайыз тіркелген. Өңірлер бөлінісінде ең жоғары азық-түлік тауарлары бағалары Шымкентте 2, азық-түлік емес тауарлары Маңғыстау облысында 2,3, ақпалы қызметтер Алматы облысында 2,6 пайыз өскен.

Жәрмеңкеде баға арзан

Статистикаға сүйенсек, қараша айының қорытындысы бойынша жылдық мөнде инфляцияның 8,5 пайыздан 8,4 пайызға дейін баяулауы байқалған. Осы жылдың 11 айында инфляцияның негізгі құрамдас бөліктері азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар, ақпалы қызметтер арасында азық-түлік тауарларына ең төменгі өсім 4,4 пайыз төңірегінде тіркелген.

Өткен аптаның қорытындысы бойынша ЕМАТ бағамының орташа индексі 0,2-ге, негізінен тауарлардың көкөніс тобына өсті. Осы орайда республикалық маңызы бар қалалар мен өңірлердің әкімдері сауда және интеграция министрлігімен бірлесіп, ел

өнім алып, қамбаға 1 197 900 центнер астық құйды.

Күршітен бөлек бидай, арпа, сұлы, қант құмайы, мақсары, картоп, көкөніс, бақша дақылдары толық жинап алынды. Тарқатып айтсақ, 129 гектар күздік бидайдың әр гектарынан 13, 770 гектар жаздық бидайдың әр гектарынан 9, центнерден 665 гектар мақсарының әр гектарынан 8,7, 200 гектар қант құмайының әр гектарынан 41,40 гектар арпаның әр гектарынан 8,2 центнерден өнім жиды. Мұнан бөлек 64 центнер сұлы, 33 276 центнер картоп, 195 центнер көкөніс, 299 650 центнер бақша дақылдары жиналды.

4 мың тонналық қойма іске қосылды

Биыл 2,9 млн тонна картоп, 1,1 млн тонна пияз, 498 мың тонна қырыққабат, 474 мың тонна сәбіз жиналды. Бұл ел тұрғындарының қажеттілігі деңгейінен едәуір асып түседі. Бұл ретте Ресей Федерациясы мен Беларусь тарапынан 150 мың тонна картоп, 80 мың тонна пияз және басқа да көкөністер мен алмаларды келісім-шартпен алуға сұраныс бар.

Үкімет жеміс-көкөніс өнімдерін сақтау және өндіру, әлеуметтік азық-түлік өнімдерінің бағасын тұрақтандыру үшін қажетті шаралар көшенін тұрақты түрде жүргізіп келеді. Жалпы өнімді сақтау көкөніс қоймаларын салу және жаңыру жөніндегі кешенді жоспарды іске асыру арқылы жүзеге асырылады. Жүргізілген түгендеу қорытындысы бойынша елімізде 901 сақтау нысаны жұмыс істейді, оның ішінде жалпы сыйымдылығы 1 млн 186 мың тонна көкөніс қоймасының саны – 580, картоп қоймасы – 257, жеміс-жидек қоймасы – 67, яғни 136,3 мың тонна.

Елдегі өнім сақтау қоймаларының жай-күйіне тоқталсақ, биыл Қызылорда облысында 4 мың, Маңғыстау облысында 40 мың, Түркістан облысында 56 мың, Павлодар облысында 20 мың және Қарағанды облысында 2,8 мың тоннаға сақтау нысандары іске қосылған. Жалпы сыйымдылығы 115,1 мың тонна болатын қойма тағы 5 облыста салынауда. Ал 7 облыста 97,9 мың тонналық жобалар инвесторлардың қаржыландыруын күтуде.

Шаруалар 2,3 млрд теңгеге қаржыландырылды

Бүгінде «Кең дала-2» бағдарламасы бойынша 2025 жылғы көктемгі дала жұмыстарын қаржыландыру басталды. Айта кету керек, бұл мақсатқа өтеу мерзімі 2026 жылғы 1 наурызға дейін белгіленген фермерлер үшін жылдық 5 пайызбен 700 млрд теңгеге дейін, оның ішінде 140 млрд теңгесі бюджет қаражатына, 560 млрд теңгесі нарық қаражатынан қаржыландыру жоспарлануда. Осылайша мемлекеттік қаржыландырудың нарыққа қатынасы 1/4 құрайды. Ерте қаржыландыру фермерлерге егіс науқанын уақытылы бастау үшін барлық қажетті заттарды, соның ішінде тыңайтқыштарды алдын ала сатып алуға мүмкіндік береді.

Нарық қаражатының алғашқы 100 млрд теңгесін Үкімет биыл 1 желтоқсаннан бастап ерте қаржыландыруды бастау үшін 28 қарашада тартқан.

Ал 30 қарашада ауыл шаруашылығы өндірушілерінен 85 млрд теңгеге 695 өтім, оның басым бөлігі 55 млрд теңгеге 686 өтімді тікелей қаржыландыру арқылы, яғни АКК филиалдары арқылы, ӘКК арқылы 22,6 млрд теңгеге 6 өтім және екінші деңгейдегі банктер арқылы 7,3 млрд теңгеге үш өтім түскен. Қазір жұмыста 20,6 млрд теңгеге 146 өтім бар. Осы ретте 29 қарашада ерте қаржыландыру басталған, 2,3 млрд теңгеге 48 қарыз алушы несиелендірілген.

Жалағашта баға бақылауда

Рысты Күзенбаева, кент тұрғыны: «Қазір барлығы қымбаттап барады. Ет, сүт өнімдері де құбылып тұр. Осы бағаны бір тұрақтандыру бойынша жұмыстар жасалып жатыр ма?»

Осы орайда аудан көлемінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағаларын негізсіз өсуін қадағалау мақсатында арнайы билік және қоғамдық кеңес өкілдерімен мониторинг жұмыстары жүргізілген. Оған арнайы құрылған комиссия мүшелері қатысты. Мониторинг барысында аудан орталығындағы азық-түлік дүкендерін аралап, сәредегі тауар бағаларымен танысты. Нәтижесінде өнім бағасын негізсіз өсірген заңсыз жайттар ашкереленді. Баға тұрақты. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің бағаларын тұрақтандыру мақсатында баға тұрақтылығын бақылау жұмыстары, алдағы уақытта жалғастырыла беріледі. Әкімдік осылай уәде берді.

Сондай-ақ жаңа жылдық мереке-лер қарсаңында бағаның ықтимал өсуін тежеу үшін қосымша шаралар да қабылданды. Ол үшін өңірлерде тұрақты ауыл шаруашылық жәрмеңкелері ұйымдастырылады. Қысқы кезеңде және маусымаралық кезеңде бағаны одан әрі тұрақтандыру үшін ақпанда тұрақтандыру қорларынан көкөністерді босатуы бастау жоспарлануда, бұл нарықты қажетті өнім көлемімен қамтамасыз етуге және баға ауытқуларының алдын алуға мүмкіндік береді.

«Бір асым ет»

Таң ауылындағы ет өндіру цехының өнімдері де жалағаштықтарға арзан бағада ұсынылып келеді. Мәселен, «Бір асым ет», «Сыбаға», «Тартылған ет» өнімдеріне сұраныс көп. Өрине, мұндай цехтар азық-түлік бағасын тұрақты ұстауға оқ есерін тигізбей анық. Сондықтан ауданда осындай типтегі кәсіпорындарды көбейту, өңір әлеуеті үшін маңызды.


Түйін: Халық күнделікті тұтынатын тағам түрлері мен көкөністер және өзге де өнімдердің бағасы көйде төмендеп, кейде күрт өсіп кететінін айтады. Сондықтан ел арасында түрлі пікір қалыптасып, баға тұрақтылығына қатысты өртүрлі өңгімелер айтылып жүр. Иә, өлем экономикасы тұрақсызданған заманда халықтың әл-ауқатын көтеру, сол арқылы азық-түлік бағасын тұрақтандыру атқарушы биліктің күн тәртібінен түскен емес. Енді не болса да атқарылып жатқан жұмыстардан нәтиже күтеміз.

Жандос ЖАЗКЕН

Спорт

Қайраткер атындағы турнир

Қызылорда қаласында мемлекет және қоғам қайраткері, қазақ руханиятының көшбасшысы Темірбек Жүргеновты еске алуға арналған қазақ күресінен жасөспірімдер арасында республикалық турнир өтуде.



Турнирдің ашылу салтанатына облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы басшысының міндетін атқарушы Жұлдызхан Ерқосаев пен облыстық мәслихат депутаты, «Қайсар» футбол клубы ЖШС директоры Садық Мұстафаев және жаттықтырушылар мен спортшылар қатысты. Жұлдызхан Байназарұлы есімге белгілі ұлы тулғанын артына қалдырған ізін жас елге үнемі насихаттау керектігін айтып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Темірбек Жүргенов – қазақ мәдениеті мен әдебиетінде есімі алтын әріптермен жазылған ұлы тулға. Біз әрдайым Сыр өңірінен шыққан ұлы тулғаларымызды өскелең ұрпаққа үлгі етіп, елге жасаған қайталанбас ерліктерін кенінен насихаттауымыз керек. Сол себепті бүгін есімі елге белгілі мемлекет және қоғам қайраткерін еске алуға арналған қазақ күресінен республикалық турнир өтуде еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған спортшылар басқосуда. Бұл жарыс жоғары дәрежеде өтіп, шың мықтылар үздік атанады деген сенімдеміз. Барлық қатысушыға сәттілік тілеймін, – деді Жұлдызхан Ерқосаев.

Бәсі биік бәсекеге өзіміздің аймақтан бөлек Жамбыл, Түркістан, Ақтөбе, Шымкент қаласынан 150-ге жуық жасөспірім өзара сынға түседі. Кіл мықтылардың арасынан топ жарып, үздік атанған жас спортшыларға арнайы дипломдар мен медальдар табысталады.

Темірбек Қараұлы Жүргенов есімі тек қана қазаққа ғана емес, иісі түркі жұртына мәлім, Орта Азия мен Қазақстанға ортақ тулға, аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, қаламы қарымды сыншы-көсемсөз иесі саналады. Қайраткер Қызылорда облысы Жалағаш ауданының Жаңа-талап ауылында дүниеге келген. Тұрмағамбет Ізтілеуов ұстаздық еткен ауыл мектебінде сауат ашып, кейін Аламекектегі орыс-қазақ мектебінде, Перовскідегі (азіргі Қызылорда) Суханский атындағы училищеде бастауышы білім алған. 1917 жылы Уфа жер шаруашылығы училищесіне оқуға түседі. Осында оқып жүріп қоғамдық өмірге белсене араласады, студент жастардың әлеуметтік қозғалыстарына қатысады. 1918 жылы «Қазақ мұңы» газеті редакциялық алқасының құрамына енді, Торғайдағы кеңестер съезін шақыру бюросының мүшесі болды. 1919 жылы Ырғыз уезі Кеңега болысы революциялық комитетінің төрағасы қызметіне тағайындалған. 1920 жылы БК(б)П қатарына өтіп, Ырғыз уездік революциялық комитетінің, уездік жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары атқару комитетінің төрағасы болып сайланды. 1921-1923 жылдары Орынборда жұмысшы факультетінде оқиды.

1923 жылы Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің құқық факультетіне оқуға жіберіледі. Осында оқып жүріп, ол Қазақ АКСР-ның Түркістан Республикасындағы толық өкілетті өкілі болып тағайындалады, Қазақ АКСР мен Түркістан Республикасының Орталық Атқару комитеттеріне мүше болып сайланады, әлпөлкі және республикалық партия ұйымдарының конференциялары мен пленумдарына қатысады. Орталық Азияда құрылған республикалар аумағының ұлттық-территориялық межеленуіне ат салысады. Бұл мәселе төңірегінде «Еңбекші қазақ», «Советская степь» газеттерінде мақалалары жарияланды. 1926 жылы Ташкенттің Қазақ педагогикалық институтының директоры болып тағайындалды. Институтқа академик В.В.Бартольд, профессор С.Е.Малов секілді ғалымдарды шақырып, институт жұмысын жандандыруға күш салды. Жоғары оқу орындарына арналған саяси экономика және құқықтану пәндері бойынша оқу құралдарын қазақ тіліне аударды. Қазақ термелерінің жинағын құрастыруға ат салысты.

1929-1930 жылдары Тәжікстан үкіметінің қаржы комиссары, 1930-1933 жылдары Өзбекстан үкіметінің халық ағарту комиссары, 1933-1937 жылдары Қазақстан үкіметінің халық ағарту комиссары қызметтерін атқарды. Ол Қазақстанның Халық ағарту комиссариаты жұмысына С.Аспандияров, Қ.Жұбанов, Ф.Мүсірепов сияқты қайраткерлерді тартты. Жүргеновтің тікелей ат салысуымен «Қазақстанда мектеп жүйесін реттеу және қазақ орта мектептерін көбейту туралы» қаулы қабылданып, қазақ орта мектептерінің саны артуына негіз болды. Темірбек Жүргенов Халық ағарту комиссариатын ұлттық мәдениетті өркендету штабына айналдырды. Ол 1934 жылы Алматыда өткен Бүкілқазақстандық халық өнерпаздарының 1-слетін, 1936 жылы Мәскеудегі Қазақстан өнері мен әдебиетінің онкүндігін негізгі ұйымдастырушылардың бірі болды. Онкүндік кезінде республикамыздың өзге де мәдениет қайраткерлерімен бірге «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталған.

ЖАРЫН

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
«Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркелініп, №17662-Г куәлігі берілген.

«Жалағаш жаршысы» аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөміс 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс № 1929